

**ЖШС «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылының
№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы.**

Мерзімі: 25.08. 2023

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
2. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік негіздері нұсқау өткізу.
3. Әр түрлі (күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарды бекіту)

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту туралы «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Муминова Салтанат Хасановна жылдық жоспардың құрылыммен танысып бекітіліп берілді.

Күн тәртібінің екінші мәселе бойынша «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі Муминова Салтанат Хасановна Еңбек қорғау және қауіпсіздік негіздері туралы барлық топтарда нұсқаулықтар жүргізулері туралы айтып өтті онда тәрбиешілер балаларға нұсқаулықты түсінікті болулары үшін өз деңгейінде жүргізулерін айтып өтті.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша бойынша Әр түрлі күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі, перспективалық жоспарларды тәрбиешілер құрып «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақша меңгерушісі Муминова Салтанат Хасановна тексеріп бекітіп берді.

Шешімі: Бекітіліп берілген жоспарлар бойынша тәрбиешілер жұмыс жасауын қадағалап ,тексеру балабақша әдіскер Аимбетова Батпа Уласовнаға жүктелсін

Жиналыс төрағасы:  С.Х.Муминова

Хатшы:  Б.У.Аимбетова



ЖШС «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылының

№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Мерзімі:

5.10. 2023

Қатысқандар:

13

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Бала денсаулығын сақтаймыз және нығайтамыз

- 1.№1 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалуы туралы
- 2.Барлық топтардың қыркүйек айындағы жүргізілген білім құзіреттілігінің мониторингісі туралы сараптамасы.
3. Дене шынықтыру ұйымдастыру іс-әрекетінің сапасын бақылау.
4. Балалардың денсаулығы туралы есебі
- 5.Баяндама: «Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы»

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша барлық топтарда балабақшамыздың жоспарына сай жұмыстар жасалынып жатқаны жайында балабақшамыздың әдіскері Аимбетова айтып өтті.

Күн тәртібінің екінші мәселе бойынша балабақшамыздың әдіскері Аимбетова батпа Уласовна қыркүйек айында жасалған білім құзіреттілігінің мониторингі жайында нәтижесін айтып өткендей сараптама қортындысы орташа дәрежеде болғаны жайында ескертіп кетті.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша Балабақшамыздың әдіскері Аимбетова Батпа Уласовна дене шынықтыру ұйымдастыру іс –әрекетінің сапасын барлық топтарды бақылап, онда тәрбиешілердің нұсқаулықтары бойынша жасалғаны жайында және балалар бір-біріне кедергі жасамай жаттығуларды жасағаны өтте жоғары дәрежеде өткендері жайында айтып өтті.

Күн тәртібінің төртінші мәселе бойынша балалардың денсаулығы бойынша балабақшамыздың медбикесі Алтынбекова Зауреш өзінің есебін берді.

Күн тәртібінің бесінші мәселе бойынша «Ұлттықтәрбие-ұлт болашағы» тақырыбында «Балауса» тобының тәрбиешісі Бегмурзаева Жадыра баяндама оқыды.

Шешімі: осы педагогикалық кеңесінің күн тәртібінің барлық мәселелері тыңдалды деп есептелсін

Жиналыс төрағасы:  С.Х.Муминова

Хатшы:  Б.У.Аимбетова



№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Мерзімі:

31.01. 2024

Қатысқандар:

13

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Көркем шығармалар қойылымдар менинтеллектуарлық ойындар арқылы баланың сөйлеу тілінің, қарым қатынас мәдинетін дамыту және логикалық ойлау қабілетін артыру.

1. №2 педагогикалық кеңестің қабылдаған шешімін орындалуы.
2. 2023-2024 оқу жылының қаңтар айындағы білім деңгейінің сараптамасы.
3. Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекетінің бақылау анықтамасы.
4. »Баланың сөйлеу мәдинетімен логикалық ойлау қабілетінің деңгейі.
5. Баяндама: «Дидактикалық ойындар мектеп жасына дейінгі балаларды интеллектуалды дамыту құралдары.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселе бойынша № 2 педагогикалық кеңесінің шешімінің орындалғаны жайында балабақшамыздың әдіскері Аимбетова Батпа Уласовна айтып өтті.

Күн тәртібінің екінші мәселе бойынша балабақшамыздың «Балауса» «Балдырған» «Ақкөгершін» «»Қызғалдақ» «Күншуақ» «Балапан» «Қарлығаш» «Жауқазын» «Балдәурен» «Аққу» топтарының тәрбиешілері қаңтар айындағы білім деңгейінің сараптамасы бойынша өздерінің топтарының мониторингін жасап балабақшамыздың әдіскері Аимбетова Батпа Уласовнаға тапсырғаны жайында айтылды және барлық топтардың жалпы жиындығын топтап 98% жақсы көрсеткіш көрсеткендігін жайында талқылап айтылды.

Күн тәртібінің үшінші мәселе бойынша Тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс-әрекеттерін бақылапәр топқа анықтамалары жазылғаны жайында балабақша әдіскері Аимбетова Батпа Уласовна сөз алып кетті.

Күн тәртібінің төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Аимбетова Батпа Уласовна айтып өткендей МАД тобының тәрбиеленушілердің сөйлеу

мәдинетімен логикалық ойлау қабілетінің даму деңгейі жоғары яғни балаларға сұрақ қойған кезде балалардың сөйлеу мәдинеті өтте зор, керемет және балаларға логикалық есептер, логикалық ойындар туралы сұрақ бергенде балалардың жауап бергендері жоғары дәрежеде екенін атап өтті. Ересек және ортаңғы топ балаларының сөйлеу мәдинетімен логикалық ойлау қабілеттерінің орташа деңгейде екені айтылып балалармен көбірек жұмыс жасаулары жайында айтып өтті.

Күн тәртібінің бесінші мәселе бойынша «Дидактикалық ойындармен мектеп жасына дейінгі балаларды интеллектуалды дамыту құралдары бойынша балабақшамыздың тәрбиешісі Артықбаева Жадыра Баяндама жасап оқып берді.

Шешім: Ересек ортаңғы топ тәрбиеленушілермен жұмыстар жасалсын

Жиналыс төрағасы:

 С.Х.Муминова

Хатшы:

 Б.У.Аимбетова



ЖШС «Нұр-Мерей» бөбекжай балабақшасында 2023-2024 оқу жылының

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы.

Мерзімі:

21.03. 2024

Қатысқандар:

13

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалардың танымдық қабілеттерін арттыру.

1. Балдардың танымдық іс-әрекеттерін жеке-жеке дамуына ықпал ету.
2. Дидактикалық ойындарды ұйымдастырулардың қамтамасыз етуі.
3. Қоршаған ортамен табиғатты зерттеуді мүмкіндігін қарастыру

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгеруші С.Х.Муминова сөз алды. Балабақшамыздың басты факторларының бірі баланы жан-жақты дамыту болып келеді. Қазіргі уақытта әр тәрбиеші алдына жаңа қоғамның талаптарын қойылған, балармен жұмыс жасаудың жаңа қызықты және шығармашылық тәсілдерін табу міндеттері тұр. Балалар бойына іс-әрекетінде меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып табылады. Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көрністердің араларындағы байламды белгілеп табады. «Балауса» тобының тәрбиешісі Бекмурзаева Жадыра танымдық дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика, құрастыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырып отыратындары жайында және математикаға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында тапсырмалар беріледі. Есте сақтау қабілеттерін дайындау арқылы балалар берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды деп қортындылады.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Негізгі тәрбиешілер балаларға дидактикалық ойындар ойнату арқылы балалардың

іс-әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзінде асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл-ойы дамиды. Мыне осыдан балалардың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шынығады. Балалардың ойлау қабілетін дамыту, қызығушылықтарын арттыру жұмыс түрі дидактикалық ойындар. Дидактикалық ойындар баланы тапқырлыққа ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша тәрбиешісі МАД тобының тәрбиешісі Мумирова Камила сөз алды. Қоршаған ортамен табиғатты зерттеуді мүмкіндігін қарастыруда балаларды серуен кезінде маусымдық өзгерістерін талдардың бүршік атқанын. Бақ-бақ гүлдерді, қызғалдақ гүлдерін таныстырып бақылады. Балалардың табиғатқа қамқор болулары жайында балалармен зерттеулер жасап жатқандары жайында және балаларға көктем айындағы ерекше болатын айтып өткендігін айтып өтті.

Шешімі:

Балалардың танымдық іс-әрекеттерін жеке-жеке дамуына ықпал етілуге мүмкіндік жасалсын.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастырулардың қамтамасыз етуі жұмысыстары жалғастырылсын.

Қоршаған ортамен табиғатты зерттеуді мүмкіндігін қарастыру бойынша

Жұмыстар атқарыу тәрбиешілерге жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

С.Х.Муминова

Хатшы:

Б.У.Аимбетова

